

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ДІНИ САНАСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН
ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Барлық дәстүрлі қоғамдарда адам өмірге өз көзқарасын қалыптастыруда дінге үлкен мән береді. Себебі дін қоғам деп аталатын алып организмнің жанын рухтандыратын, мінез-құлқын түзеп, адами жауапкершілігін арттыратын рухани жүйе ретінде қызмет етеді. Бірақ өкінішке орай қазіргі жаһандану заманында діни идеялар өз бағытында іске аспай, керісінше саяси-әлеуметтік қақтығыстардың себебіне айналу-да. «Тұтынушы қоғам философиясының діни дүниетанымға қарсы күрес процесі орын алуда. Бұл күрестің көрінісі әр түрлі секуляризациядан басталып профанациямен аяқталады» [1]. Діни құндылықтар қоғамда өз орнын тауып, адамның діни санасына әртүрлі бағытта дамиды. «Қоғамдағы діни сананы сараласақ, өмірде барлығына «дін аманмын» дейтін қазақ, ХХ ғасырдың 20-жылдары, әсіресе жастар діннен атеизмге бет бұрып, тәуелсіздікке қол жеткізумен ХХ ғасырдың аяғында діни сенімге де еркіндік алғаннан кейін, тағы да жастар, енді дінге аса қызығушылық танытты. 2009 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстан халқының 70,2%-ы мұсылмандар, 26,3-і христиандар, 0,1%-ы буддистер, 2,8%-і ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5%-ы жауап беруден бас тартқан. Әдетте түркі тілдес халықтарды мұсылман дініне ойланбай жатқызады. Бірақ халық санағы көрсеткендей, қазақтардың 0,4%-ы (39 172) адам христиан дініне, 1 923-і – иудаизмге, 749-ы – буддизмге, 1 612 адам басқа діндерге өткен. 98 511 қазақ ешқандай дінде жоқ. 26 085 адам жауап бермеген. Сонымен бірге, өзбектердің де 0,4%-ы, ұйғырлардың – 0,5%-ы, татарлардың – 10,2%-ы, түріктердің – 0,3%-ы, әзербайжандардың – 2,5%-ы, қырғыздардың – 0,9%-ы христиандар екен. Сондай-ақ орыстардың – 1,4%-ы, украиндардың – 0,9%-ы, немістердің – 1,6%-ы, корейлердің – 5,2%-ы, белорустардың – 0,8%-ы, поляктардың – 0,7%-ы, басқа ұсақ этностық топтардың 34,7%-ы исламды қабылдаған. Қазақстандықтардың дін таңдауында, сөз жоқ, аралас некенің де ықпалы бар. Тағы бір назар аударарлық мәселе: украиндардың – 7,3%-ы, немістердің – 14%-ы, корейлердің – 28,5%-ы, белорустардың 7,8%-ы ешқандай дінде жоқ. Әртүрлі этностар дін ілімін терең білмегенмен, «қазақ болғандықтан мұсылманбыз», «орыс болғандықтан православиелікпіз» дейтіндер өздерін белгілі бір дінге, конфессияға жатқызады,

сондай-ақ дінге сенбейгіндер де бар. Өзгермелі, құбылмалы заманда көптеген адамдар әртүрлі топтың жетегінде еріп кетіп жатыр» [2]. Соңғы жылдары дін жолына түскен адамдардың санының өскенін байқаймыз. Қоғамда діни сенімді қабылдаушылардың санының артуы дінді жан-жақты зерттеуді қажет етіп және бұл бағытта жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр.

Осы бағытта 2011 жылы діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін Дін істері агенттігі құрылған болатын. Дәл осы жылы діни алаңды ретке келтіруге, мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы екі жаққа бірдей міндеттемелерді бекітуге бағытталған, сондай-ақ азаматтарымызды теріс пиғылды діни ағымдардан қорғауға жұмылдырылған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды. Заңнама нормаларына сәйкес, қайта тіркеу рәсімі өткеннен кейін еліміздің діни алаңында 17 конфессия өкілдерінен құралған 3088 діни бірлестік және олардың филиалдары қалды. Жалпы есепте бұрындары тіркелген діни бірлестіктердің саны 32%-ға қысқарды [3].

Дін рухани құндылықтар мен өнегелік қағидаларының негізі. Ол адамзатпен бірге пайда болып, бірге жасасып келе жатқан жанды құбылыс. Сол себепті, дін саласында қатысты оқиғалар мен өзгерістер әрдайым орын алып тұрады. Әсіресе, қоғамның дінге көзқарасы өзгеріп, рухани қайнарларына бет бұра бастаған қазіргі кезде дінге қатысты оқиғалар көбейе түсуі орынды құбылыс, бұл уақыт талабы.

«Қырғи-қабақ» соғыстан кейін дүниежүзінде болып жатқан түрлі деңгейлердегі үдерістер жаңа сипатқа ие болуда. Кеңес Одағының ыдырауынан кейін бір идеологияға бағынған халықтар өздерінің шығу тегіне, өз этномәдени құндылықтарына, діні мен тіліне терең мән бере бастады. Қазіргі кезеңде діни сананы дұрыс қалыптастыру, алдыңғы қатардағы мәселелерге айналып отыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз-ақ бізге қауіп төндіретіні діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» – деп жазады [4, 186 б]. Өтпелі кезең жылдары қоғамның барлық салаларында терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Бұл қоғамның рухани саласына, соның ішінде дін мен діни санамызға да терең

өзгерістер алып келді. Кеңестік тоталитарлық жүйе мен атеистік идеологияның күйреуі салдарынан туындаған өтпелі кезеңдегі идеологиялық белгісіздік әлеуметтік жағдайдың адамдар санасына қорқыныш пен торығу сезімін тудыруы, діни сауатсыздық, сонымен бірге, 1992 жылы қабылданған «Діни сенім және діни бірлестіктер туралы» Заңның солқылдақтығы мен дінтанулық сараптама жүргізу туралы ереже мен білікті теголог мамандардың аздығы, діни ағымдардың миссионерлік жұмысының қарқынды жүруі – мұның бәрі елдегі діни жағдайға, діни сананың қалыптасуына кері әсерін тигізді. Діни сананы дұрыс дамыту қазіргі кезде мемлекеттің алдыға қойып отырған негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы діни жүйедегі діни санаға тоқталар болсақ, діни сана дегеніміз – белгілі бір діни идеялар мен құндылықтарға бағыну, сонымен бірге белгілі бір дін және діни ұйымдар құрамында болу. Жеке тұлғада діни сана өмірдің әртүрлі сатыларында және әртүрлі жағдайларда қалыптасады. Ол адамның діни қарым-қатынастарға түсуі және діни ойлар мен қағидаларды қабылдауы арқылы қалыптасып және қажеттілігіне байланысты дами бастайды. Діни сананың дамуына ең әуелі адамның психологиялық мінезінен бастап, жанұясы, оқу орны, ойын және оқудағы жолдастары, жақын туыстары, кітаптар, теледидар, интернет секілді акпарат құралдары әсер етеді. Діни сананың қалыптасуына негізінен қоршаған орта, діни тәлімгерлер мен уағыздаушылардың ықпалы өте зор. Осы факторлардың ішіндегі ең негізгісі тұлғаның психологиялық жағдайы болып табылады. Себебі өмірдегі көп нәрсе тұлғаның жеке ерекшеліктеріне байланысты.

Әрбір халықтың діни бірыңғайлығының қалыптасуына оның географиялық орны, мәдениеті, әдет-ғұрпы, тарихы негіз болып табылады. Діни сананың қалыптасуының тарихына үңілетін болсақ, түркілердің санасы үшін шежіре мен жеті ата маңызды болды, ата-баба аруақтарын қадірлеу салты оларды өз шежіресін, жеті атаға дейінгі аталардың өмірін білуді міндеттеді. Әр ер адам өзінің іс-әрекеттерін жеті ұрпақтың бағалайтынын түсінді. Ата-бабаға табыну және Тәңірге деген сенім түркілерді ерлік жасауға талаптандырды, адамгершілікті, тазалықты міндеттеді. Қазақи сана толеранттылық, шыдамдылық, ұрпақтар сабақтастығымен ерекшеленді. Бұл ғасырлар бойы қанға сіңген діни және ұлттық дәстүр қазіргі қазақ санасының ашықтығы мен ымырашылдығын көрсетеді [5].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «*Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек*» деп, Қазақстан халқының алдағы діни-рухани бағытын айқындап берген болатын [6]. Қазақстандық діни сана туралы зерттеуінде профессор А.Г. Косиченко: «Діни сананы Қазақстандағы діни жағдайдың субъективті жағынан алатын болсақ, оның діншіл және діншіл емес халқының санасында көрініс табатын кешенді және интегративті белгі болып келеді. Қазақстандықтардың діни санасы көп құрылымды болып табылады: діншілдердің бір бөлігі дәстүрлі дінді ұстанса, ал екінші бір бөлігі жаңа діни ұйымдардың қатарына еніп жатады. Сонымен қатар өздерін атеисттер деп санайтын қоғамның едәуір үлкен бөлігі бар. Осы әртүрлі діни көзқарасты ұстанушылар болып табылатын Қазақстан халқының бұл топтары жиынтығында діни сананың феноменін құрайды» [7].

Әрбір қазақтың санасында туғанынан мұсылманмын деген діни сана қалыптасады. Себебі қоршаған орта белгілі бір діни сананың қалыптасуына итермелейді. Бірақ осы сананың пайда болу алғышартына ешкім терең мән бере бермейді. Қазақтар исламды қабылдағанға дейін ауа-райының, территориясының ерекшелігіне байланысты көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, шаруашылық халқымыздың мәдениеті мен діни наным-сенімдеріне қатты әсер еткен. «Исламды қабылдаған басқа халықтар сияқты, қазақтарда да исламды қабылдағанға дейін қалыптасқан дәстүрлі діни нанымдары болды. Көшпелі қазақтардың көзқарастары белгілі бір дәрежеде үйлесімді және оны ұстанушылардың барлық қажеттіліктеріне жауап береді, ол адамның ғарышқа, табиғатқа, басқа адамдарға қатыстылығын көрсеткен. Қазақтар әрқашан өздері тұратын ортамен үйлесім заңдары бойынша өмір сүрген. Олардың дәстүрлі діни кешені жердегі болмыстың әлемдік, ғарыштық өріспен өзара байланысы туралы түсініктерге арқа сүйеген. Көшпенділердің діни санасында табиғат құбылыстарында адамға әсер ететін, оның тағдырына оң не теріс ықпалын беретін мәңгілік, түсіндіруге келмейтін құдіретті күш бар деген түсінік болды [8, 15 б.].

Тәңіршілдік – көшпелі түркі халықтарының исламға дейінгі негізгі діни наным болған. Табынудың басты объектісі – Тәңір. Көне түркілердің діни наным-сенімдеріндегі тұлғаланбаған, шексіздік күйі есебіндегі аспанмен

теңестірілген басты Құдай бейнесі – Тәңірі (көне түркі тілінде – мықты, ер, құдіретті). Тәңіршілдік, барлық діни жүйелер тәрізді табиғат күштерін құдіреттендіруден, құпия тылсым тіршіліктің терең қатпарларынан бастау алады. Алайда, Тәңірге табыну діни түсінік эволюциясындағы табиғат діндерінен кейінгі жоғары саты болды. Барлық халықтар рухани дамуында, діни көзқарастар эволюциясын бастан өткізді.

Тәңір – протоқазақтардың құдайлар пантеонындағы жоғарғысы, қалыптасуының бастапқы сатысы деп танылады. Көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі табиғатқа бағынышты, тікелей тәуелді болды, өзін қоршаған дүние құбылыстарының тылсым сырларын түсінбеген адам олардың себебін басқа құбылыстар мен заттардан, күштерден іздейді. Белгілі бір құбылыстардың себеп пен салдарын толық білмегендіктен, сол кездегі адамдардың санасында алғаш діни сана пайда болады. Нәтижесінде табиғат рухтандырылып, адамда діндарлық сезім мен сенім қалыптаса бастайды. Тәңірлік діннің бір тамыры осында, яғни табиғатпен байланысып жатыр. Тәңіршілдіктің өзіне тән ерекшелігі, ол өзіне дейінгі діни наным-сенімдерді теріске шығармайды, қайта оларды бір жүйеге келтіріп синтездеуші рөл атқарады. Плано Карпини түркілердің бір құдайға табынатынын былай келтіреді: «... олар күнге, айға және отқа, сонымен бірге таңертеңгілік астың немесе су ішердің алдында сол ас-дәмдерінен ауыз тидіретін сыбағаға арнап су мен жерге де құдай деп табынады», – дейді. Түркі халықтарының көне нанымдарында ғарыштағы барлық процестерге тоқсан тоғыз Тәңір басшылық жасайды. Тәңірмен қатар Жер-Су құдайы да түркілер үшін – табыну объектісі. Жер-су тіршіліктің тірегі. Жер-Су мен Тәңір бір-бірін толықтырып тұратын бастаулар. Адамның тәні Жерден жаралғанымен Рухы Тәңірден. Рухтың түркілік атауы Құт. Адам туғанда Тәңір оның денесіне құт дарытады. Жаңа туған нәресте денесіндегі Құттың сақтаушысы, қамқоры – Ұмай. Аталған үш құдай түркілердің пантеонында маңызды болып саналады. Тоныкөк құрметіне орнатылған ескерткіште: «Көк, Ұмай құдай, қасиетті Жер-Су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек», – делінеді. Бірақ құдайылық құдірет тұрғысынан алғанда Жер-Су мен Ұмай Тәңірмен тең емес. Олар ортаңғы әлем құдайлары болып табылады. Адамның өмірі мен тағдыры тек Тәңірге ғана тәуелді, сондықтан түркі халықтары Тәңірден жарылқауды, Жер-Су мен Ұмайдан қолдауды

сұрайды [7]. Тәңіршілдіктен басқа түркілердің діни санасында шамандық дін де қалыптасып дамыды. Шамандық дінді жүйелі түрде, оны қалыптастырған мәдени жүйемен бірлікте, тұтастықта зерттеген ғалымдар Д. Банзаров пен Ш. Уәлиханов болды. «Шамандық дегеніміз, – дейді Шоқан, – әлемді, дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, әруағын ардақтау. ...Шамандық сенім табиғатқа бас иеді». Қазақ қоғамындағы шаман рөлін де қазақ ғалымы басқа тұрғыдан бағалайды. «Шамандар аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары ретінде саналған. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған» [9].

К.Ш. Шүлембаев шаманизмді революцияға дейінгі Қазақстанда кең тараған діни наным-сенімдердің айрықша феномені деп санайды. Шамандықты зерттеген қазақ ғалымдарының келесі бір тобы оны адамның виртуалдық, тылсымдық дүниесіне әсер етудің ерекше дәстүрі деп санайды. М.С. Орынбековтің ойынша, бақсы адам мен әлем арасындағы ажыраған байланысты қалпына келтіреді. Мистикалық желігу, зікір салу практикасы арқылы адам мен әлемді біріктіріп, сананың тұтасуына ықпал етеді [10]. Бақсының зікір салуы адамның тылсымдық дүниесін оятуға бағытталған. Бұл – ішкі шексіз болмыс пен рухани бірігудің тәсілін іздеу. Бұл тәсілді бақсының ойыны деп те қарастыруға болады. Бақсы салт жоралар кезінде дүниені жаратушы рөлін атқарады, ол айналады, ғарыштық тұлғалық деңгейде ойлайды, мистикалық тұтастану арқылы жақсылық пен жамандықты айырады, зиянды қасиеттерді көшіреді, аластайды, жойып жібіреді».

Сонымен қазақ жерінде исламға дейінгі заманда халқымыздың әртүрлі дінді ұстанғаны белгілі болды. Тәңірлік, бақсылық сенімдердің діліміздегі, дәстүріміздегі, мәдениетіміздегі іздері әлі сақталып келеді. Сонымен бірге еліміздің жекелеген өңірлерінде исламға дейін христиан діні мен зороастризмнің де белгілі бір тарихи уақыт аралығында қалыптасып, халықтың санасында орын алды. Олар исламдық деректерінде де «тарса» (христиан) және «мұғ» (отқа табынушы) қауымдар ретінде атап көрсетіледі. Исламның алғашқы кезеңінде бейбіт жолмен дінге бет бұрмаған елдерге исламды таратудың бір жолы қарулы күрес болды. Дін тарату жолындағы соғыстардың Орта Азия жерінде де көптеп жүргізілгенін біздің

тарих тұрмақ, араб-парсы тарихи деректері де жоққа шығармайды. Ислам оңтүстік өңірге орныққаннан кейін қазақ даласының қалған өлкелеріне исламның таралуы бейбіт жүзеге асырылды. Байырғы тәңірлік сенім мен жаңа ислам дінін біркұдайлық қағидалары мен имандылық ұстанымдары біріктірді. Ислам діні мен тәңірлік сенімнің астасуы ғасырлар бойы жүрді. Нәтижесінде дүниенің бір түкпірінен тау асып, тас басып жеткен ислам діні ұлтымыздың жан дүниесімен, рухани құндылықтарымен, табиғи сенімдерімен терең үйлесім тауып, бірте-бірте біздің мәдениетімізді құрушы, болмысымызды қалыптастырушы дінге айналды [11].

«Дүниетанымдық жағынан Ислам мен Тәңірліктің соншама сапалық қарама-қарсылығы жоқ...» Мәселе, дүниетанымдық тұтастықта, бірлікте, халқымыз Алла мен Тәңірді қатысты дүниетанымдық тұтастықты аңғартпай ма? Бұл арнайы зерттеулерді қажет ететін тақырып. Ислам мен Тәңірліктің арасындағы байланыстан, тіптен генетикалық тұтастықтан ұлттық ойлау мәдениетіміздің кеңістігі анықталмақ. Осылай емес деп қазір кім айта алады? Тәңірлік деген кезде біз оған мәдени тұрғыдан, тарихи тұрғыдан, мұра тұрғысынан қарап, өзіміздің шыққан тегіміз, ойлау мәдениетіміз, дүниетанымдымыздың негізгі тұрағы ретінде қабылдауымыз керек» [12]. Қазақстанда ислам діні ұлттық дәстүр, ғұрып арқылы сақталды. Ислам діні Қазақстанға осыдан он үш ғасыр бұрын енген. «Сондықтан қазақ этносының бүгінгі өмір тұрмысын және болашағын исламнан тыс қарастыру мүмкін емес. Ислам діні, онымен бірге енген ислам мәдениеті, дүниетаным, тіптен философия біздің әдет-ғұрыптарымызға, ұлттық ойлау жүйемізге, бір сөзбен айтқанда, дүниетанымдымызға молынан сіңген» [13]. Қазақстан дінаралық келісім мен татулықтың, рухани қауіпсіздігінің алтын дінгегі болып табылады. Бірақ діни сана өте нәзік және иілгіш келеді, ол адамның бойында қоғаммен бірге өзгеріп тұратын күрделі жүйе болып есептеледі.

Қазақтардың діни санасының дамуы діни конформизм ұғымымен байланысты. Ресейлік дінтанушы, дін әлеуметтанушысы И.Н. Яблоков діни конформизм туралы былай деп жазады: «Діни конформизм топтық ықпалдың әсерінен пайда болады; сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Сыртқы конформизм кезінде индивид өзінің нанымдары мен мақсаттарын «жасырады» да, ықпал жоғалған кезде оларға қайта ие болады. Ішкі конформизм сырттан міндеттелген көзқарас, догматтар, құндылықтар, ойлар, ка-

нондар, нормалар топтықықпал ету аяқталғаннан кейін де адам үшін бағдардың қайнар көзі болуын тоқтатпайды. Стимул ретінде діни құлақ салу, оңашалану қорқынышы, діни ұйымда барынша жоғары мәртебеге ие болуды тілеу және т.б. орын алады [14, 125 с.]. Қазақстан халқының негізгі бөлігі исламды ұстанатыны белгілі, бірақ оның өзі конформизммен байланысты. «Қазақтардың барлығы мұсылман» деп өзін мұсылмандармын деп есептейтін қазақтың кейбір бөлігі мүлдем құдайға сенбеуі мүмкін. Қоғамда жоғарғы үстемдікке ие болып отырған дінге қатысты тікелей конформизм болмаса, жекелей жасалған идентификациялау ешқандай нәтиже беруі екі ұшты мәселе. Қоғамда өздерін мұсылманмын деп атайтындардың көпшілігі өздері ұстанатын ислам дінінің салт-жораларын, діни мейрамдарын және дін парыз деп танитын қағидаттарына мойынсұнып орындамайды. Белгілі дін танушы ғалым А.Г. Косиченко діни ұстанымдарды өмір тәжірибесінде қолданбайтын діндарлар туралы: «Діни сана жалған болуы мүмкін. Адамдар көбінесе өз саналарында өздерін олай деуге негіздері аз бола тұра діндар деп санайды. Осылайша феномені әлі де жеткілікті зерттелмеген алдамшы діни орта қалыптасады. Жалған діндар адамдар Қазақстанның тұрақтылығына белгілі бір қауіп төндіреді. Біріншіден, мұндай ортаның болуы діндарлар санын аса көтеріп жібереді, ал бұл діни саясат саласында дұрыс стратегияны жасауға мүмкіндік бермейді. Екіншіден, жалған діндар адамдар діни білімнің таяз болуы және саналарында ұстап тұрушы діни факторлардың болмауы себепті шын діндарлармен салыстырғанда, дін атынан наразылық жасауға көбірек дайын болады. Үшіншіден, олар діни құндылықтарды салыстырмалы (өздерінің бұрмаланған діни түсініктеріне сай) етіп, дінді бұзады. Осы себептерге байланысты мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды дамыту механизмдерін жасау кезінде жалған дін феноменіне аса назар аудару керек» – деп пайымдап, өз пікірін ұсынады. Бірақ, бірнеше ғасыр бұрын исламның дінінің Қазақстан аумағына күштеп ендірілген дін екенін де ұмытпауымыз қажет. М.С. Орынбеков жазғандай: «Араб әскербасының әскері исламды қазақ даласына найзаның ұшында алып келді» [15]. Өз кезегінде найзаның ұшымен, білектің күшімен енген ислам дінінің мәдениеті қазақ халқының дініне, саясатына, мәдениетіне, тілдік және әлеуметтік қатынастарына зор әсерін тигізгенін айта кеткен жөн. Бүгінгі таңда тілдік коммуникация жасау бары-

сында қолданылатын көп сөздер қазақ тіліне араб тілінен енген сөздер легі болып табылады. Мысалға келтірер болсақ, мектеп, адам, дәптер, қалам, мәдениет, сабыр, нұр, иман, сағат, қуат, асхана және т.б. көптеген сөздерді тізбектей атауға болады. Ислам мәдениеті қазақтар халқының қазіргі өмірінен де көрініс табады. С. Орынбековтің синкретизмнің қазақтардың діни санасын қалыптастырудағы рөлі туралы керемет сөзі бар: «Протоқазақтардың діни көзқарасының синкретизмі – діни көзқарастардың керемет қоспасы болып табылады, оған өз кезегінде қазақтардың басқа халықтарға деген толеранттығына айналған ашықтығы жағдай жасады [16, 228 б.]. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен тілдік болмысының жоғалып бара жатуына көбіне орыс тілді қазақтарды айыптап жатады, тіптен оларды «шалақазақтар» деген лақап атаумен де атап жатады. Өзекке өкініш отын тастайтыны, өзінің ұлттық санасын ұмытуға ұмтылушылық ана тілін жетік білетін мұсылман-қазақтардың да арасында жиі көрініс береді. Әлеуметтік яки мәдени сана тұрғысынан қарар болсақ, ислам дінін ұстанушылар өмірінің барлық салаларында ислам дінімен біте қайнасып жатады. Ең қарапайымы өзін-өзі ұстауы, жеке тойларын қайда және қалай өткізуі, перзентінің есімін қоюы, нені ас ретінде тұтынуына дейін ислам дінінің ұстанымы бойынша жасауы қажеттігі. Дін – адам өмірінің айнымас бір бөлшегі. Өмірлік көзқарасына дейін діннің негізі арқылы дамып қалыптасып отыратындығында. Қайсы бір дін болмасын, халықтың тек рухани емес, материалдық мәдениетінің негізі бастауы. Дәл осы бастау негізінде талдау жасар болсақ, «таза ислам» мен қазақ халқының ұлттық мәдениетінің арасында сөзсіз қарама-қайшылық орын алады. Ислам ұстанымы бойынша хиджаб, ниқаб, толарсаққа дейін шалбар кию – арабтардың киімдерін кию, қазақи таным бойынша арабтардың ұлттық мәдениетін насихаттау. Қазіргі таңда исламға бүтіндей берілу, кеңестік режим кезіндегі сияқты, біздің мәдениетімізге де қолайсыздығы мен кері әсерін тигізеді. Күні кеше кеңестік уақытта қазақ мәдениетінің орыс тілді ортаға ассимиляциялану қаупі басым болса, бүгінгі таңда ислам қауымдастығына толықтай еніп кету қаупі төніп, қазақ халқына тым қатерлі болып тұр. XIX ғасырда дін жайында толғанған Шоқан Уәлиханов қазақ халқының бүгінгі басындағы орын алып отырған жағдаят жайында ашып айтқан. Қазақ халқының мәдени және әлеуметтік, рухани жүйеленуі жайында алаңдаушылық

танитқаны Ш. Уәлихановтың «Даладағы мұсылмандық» атты еңбегінде айқын жазылған: «Мұсылмандық біздің қанымыз бен жанымызға әлі сіңіп үлгермеді. Ол болашақта халықтың бөліну қаупін тудырады. Қырғыздар арасында Мұхаммедтің атын да білмейтіндер көп, біздің шамандар даланың көп жерлерінде өз мәнін жоғалтпаған. Ресейдегі әулие Нестор кезіндегідей біздің далада қазір қос дін кезеңі орын алып тұр. Біздің кітаптар ежелгі Русь кітаптарындай өз көнелігін өзі қудалап келеді. Татар молдаларының, ортаазиялық ишандар мен жаңа ілім прозелиттерінің ықпалынан біздің халық барған сайын жалпымұсылмандық бейнені иеленіп барады. Діндар қырғыздар Меккеге баруды бастады; біздің баяндар ұлттық қиссалардың орнына халықтық өлеңдерге салынған мұсылмандық апокрифтерді айтып жүр» [17, 71 б.]. Қазіргі таңда, кейбір деректер бойынша мемлекет ішінде саны 495 адам болатын 24 радикалды сәләфистік джамааттар бар деп айтылуда. Сәләфия – ислам дамуының әртүрлі кезеңдерінде ерте мұсылмандық қауымның өмір салты мен сенімдеріне бейімделуге шақырумен айналысқан мұсылмандық діни қайраткерлерді біріктіретін исламдағы бағыт [18]. Сәләфиттер Алла алдында барлық мұсылмандар тең, ал қазақ халқының ғасырлар бойы атадан – балаға беріліп отырған «жергілікті» ислам діні қатты өзгеріске ұшыраған деген тезисті алға тартып, қазақтың ұлттық болмысына сай келер құндылықтарын жоюға немесе мойынсұнбауға шақырады. Өз кезектерінде арабтардың діни заңы шариғатқа шақырып, олардың әдет-ғұрыптарын ұстануды міндеттейді. Міне, осылай қазақ халқына жат бөтен тұрмыс пен мәдениетті насихаттайды. Ислам діні қазақ халқының қастер санар ұлттық мәдениетін жоққа шығаратын қазақ ұлтының ежелгі дәстүрлі діні деп атай алмаймыз. Олар өз ұстанар қағидаларынан Қазақстан мұсылмандарының ұстанып жүрген ресми дінінен теріс айналды, өйткені ол мұсылмандар өз кезегінде, сәләфиттердің пікірінше олар Қазақстандағы мұсылмандар құқығына шектеу берер биліктен бас тартпады. Өздерін сәләфиттерміз деген топ көбіне жариялы түрде: мен Аллаға сенемін, бірақ Қазақстандағы мешіттердің имамдарына сенім артпаймын дейді. Өкінішке орай, Қазақстанда ұлттық дін жоқ. Плюралистік қазақстандық қоғамда діни идентификация мен діншілдікте өзіндік біршама таңдау элементтері бар. Исламның қазақтың діни санасындағы басымдығы дінге сенушілердің сапалық және сандық

құрамына байланысты. Қазірде Қазақстан мемлекет аумағынан кеткен немесе қазіргі шекараларының сыртында қалған этникалық қазақтарды репатриациялау саясатын жүргізіп жатыр. Соңғы 2 онжылдықтың өзінде ресми деректер бойынша Қазақстанға 1 миллионға жақын этникалық қазақтар көшіп келген. Оралмандардың көбісі исламды өз діні деп санайды. Бүгінде біздің халық таңдау алдында тұр: өз ұлылығымызды қайта жандандыру үшін қандай жолды таңдауымыз керек? Сондықтан барлығымыз мұқият болып, қазіргі күнге тарихи призмадан қарап, ойлануымыз, біздің өте ауыр жағдайда екенімізді түсініп, сезінуіміз қажет. Біз не өз ұлттық мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрлерімізді сақтап қаламыз, не өзіміздің ерекшелігімізді, мәдениетімізді жоғалтамыз. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында діни санамызды таза және түзу бағытта дамыту жөнінде былай дейді:* «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр.

Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс. Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты. Бүгінде, интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болу керек. Ішкі «сүзгі» сұрақтар қойып отыруға тиіс: аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыздарымыз орамалға оранып алып, басқа халықтардың киімін кигені бізге керек пе? Бізбен бір дастарқанда отырып тамақ ішпеуге тиіс пе? Көлік жүргізбеуі керек пе? Мұның бәрі – басқа елдердің орныққан дәстүрлері, біздің даламызда ондай дәстүрлер ешқашан болған емес. Классиканы оқыңыздар, фильмдерді көріңіздер. Біздің әйелдерде ұлттық тәкаппарлық, қалыптасқан киіну стилі бар, оны олар ибалылықпен ұстана біледі және біз, ерлер, әйелдердің осы қасиетін жиі теріс пайдаланамыз. Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын

сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек. Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес

келетін діни сана қалыптастыруымыз керек». Біз өзін өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз. Мен жария етіп отырған стратегия біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындайды» [19]. Осы стратегияны ұстана отырып, еліміздегі әртүрлі діни ұйымдар арасында бірлік пен татулықты, өзара түсіністік пен ынтымақтастықты тереңдетіп және толеранттық сананы дамыта отырып, теріс идеялар мен көзқарастардың алдын алып, күш салуымыз қажет деп ойлаймыз. Діни сананың бірегейлігі мен дұрыс дамуы, қоғам бірегейлігінің алғышарты, Қазақстанның әрбір азаматы осы бағытты ұстанатын болса, еліміздің жарқын болашағына үлес қосары анық.

Әдебиеттер

- 1 Борецкий О.М. Столкновение цивилизаций с обществом потребления. // Казахстан как мировой центр межкультурного и межконфессионального согласия в развитии «диалога цивилизации»: Материалы международной научно-практической конференции 31 мая 2007. – Алматы, 2007.
- 2 <https://egemen.kz/2011/?p=317530>
- 3 Шойкин Ғ.Н. Мәңгілік мұрат // Дін және қазіргі заман. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің және Агенттіктің ведомствалық ұйымдары мен облыстық дін істері басқармалары қызметкерлерінің БАҚ беттерінде жарық көрген мақалаларының жинағы. – Астана, 2014. – 140 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 186 бет.
- 5 Сулейменов П.М. Қазақстандағы діни сананың эволюциясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №4 (53). – 2015.
- 6 Казахстанская правда. – 24.10.1995. – С. 2.
- 7 Косиченко А.Г. (статья опубликована в сборнике материалов научно-практической конференции «Состоявшийся Казахстан, устремленный в будущее, 10 декабря 2013 г.).
- 8 Кишибеков Д.К. Ментальная природа казаха. – Алматы, 2005. – С. 172.
- 9 Акатаев С.Н. Мироззренческий синкретизм казахов: диссертация на соискание ученой степени доктора философских наук. – Алматы, 1995. – С. 87.
- 10 Банзаров Д. Черная вера или шаманство у монголов. – Казань, 1846. – С. 118.
- 11 Әбдірәсілқызы А. Рух тарихы – ұлт тарихы. // Дін және қазіргі заман. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің және Агенттіктің ведомствалық ұйымдары мен облыстық дін істері басқармалары қызметкерлерінің БАҚ беттерінде жарық көрген мақалаларының жинағы. – Астана, 2014. – 66 б.
- 12 Ғарифолла Есім. Елдік сана өлшемдері // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2(28), 2007. – 8-9 бб.
- 13 Ғарифолла Есім. Дін өркениеті. Қаз ҰУ Хабаршысы Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2(26), 2006. – 6 б.
- 14 Религиоведение. Энциклопедический словарь. – М.: Академический проект, 2006. – С. 125.
- 15 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы, 2005. – С. 17.
- 16 Сонда. – Алматы, 2005. – 228 б.
- 17 Уалиханов Ш. 5-томдығы. Том 4 / Қазақ ССР Ғылым Академиясы. – Алматы, 1985. – 48 б.
- 18 Ибрагим Т.К. Сагадеев А.В. ас-Салафия. // Ислам: энциклопедический словарь / отв. ред. С.М. Прозоров. – М.: Наука, 1991. – С. 204.
- 19 <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/hhi-gasyrdagy-qazaqstandagy-din-2951/>

References

- 1 Boreckij O.M. Stolknovenie civilizacij s obshhestvom potrblenija. // Kazahstan kak mirovoj centr mezhkul'turnogo i mezhkonfessional'nogo soglasija v razvitii «dialoga civilizacii». Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii 31 maja 2007. – Almaty, 2007.
- 2 <https://egemen.kz/2011/?p=317530>

- 3 Shojkin F.N. Мәңгілік мұрат // Din zhәне qazirgi zaman. Қазақстан Respublikasy Din isteri agenttigiнің zhәне Agenttiktiң vedomstvalyқ ұjymдары мен oblystyқ din isteri basqarmalary қызметкерлерінің ВАҚ betterinde zharyқ көрген мақалаларының zhinaғы. – Astana, 2014. – 140 b.
- 4 Nazarbaev N.Ә. Tarih tolқыnynda. – Almaty, 1999. – 186 bet.
- 5 Sulejmenov P.M. Қазақстандағы dini sanаның jevoljucijasy. ҚазҰУ Habarshysy. Filosofija serijasy. Mәdenietтанu serijasy. Sajasattanu serijasy. №4 (53). – 2015.
- 6 Kazahstanskaja Pravda. – 24.10.1995. – S. 2.
- 7 Kosichenko A.G. (stat'ja opublikovana v sbornike materialov nauchno-prakticheskoy konferencii «Sostojavshijsja Kazahstan, ustremlennyj v budushhee, 10 dekabrja 2013 g.))
- 8 Kishibekov D.K. Mental'naja priroda kazaha. – Almaty, 2005. – S. 172.
- 9 Akataev S.N. Mirovozzrencheskij sinkretizm kazahov. Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni doktora filosofskih nauk. – Almaty, 1995. – S. 87.
- 10 Banzarov D. Chernaja vera ili shamanstvo u mongolov. – Kazan', 1846. – S. 118
- 11 Әbdірәsilқыzy A. Ruh tarihy – ұlt tarihy. // Din zhәне qazirgi zaman. Қазақстан Respublikasy Din isteri agenttigiнің zhәне Agenttiktiң vedomstvalyқ ұjymдары мен oblystyқ din isteri basqarmalary қызметкерлерінің ВАҚ betterinde zharyқ көрген мақалаларының zhinaғы. – Astana, 2014. – 66 b.
- 12 Farifolla Esim. Eldik sana оlshemderi. Қаз ҰУ Habarshysy Filosofija serijasy. Mәdenietтанu serijasy. Sajasattanu serijasy. №2(28), 2007. – 8-9 bb.
- 13 Farifolla Esim. Din өrkenieti. Қаз ҰУ Habarshysy Filosofija serijasy. Mәdenietтанu serijasy. Sajasattanu serijasy. №2(26), 2006. – 6 b.
- 14 Religiovedenie. Jenciklopedicheskij slovar'. – M.: Akademicheskij proekt, 2006. – S. 125.
- 15 Orynbekov M.S. Genezis religioznosti v Kazahstane. – Almaty, 2005. – S. 17.
- 16 Sonda. – Almaty, 2005. – 228 b.
- 17 Ualihanov Sh. 5- tomдығы. Tom 4 / Қазақ SSR Fylym Akademijasy. – Almaty, 1985. – 48 b.
- 18 Ibragim, T. K. Sagadeev A. V. as-Salafija. // Islam: jenciklopedicheskij slovar' / otv. red. S.M. Prozorov. – M.: Nauka, 1991. – S. 204.
- 19 <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/hhi-gasyrdagy-qazaqstandagy-din-2951/>